



ҚҰРМЕТТІ ТАЛАПКЕР - 2020!!!

Сіздің алдыңызда тағдырыңызды анықтайтын маңызды таңдау тұр. Оқу орнын таңдауда қателеспеу өте маңызды!!!

Егер Сіз өз өміріңізді ең құрметті және асыл, қиын және өте жауапты іске арнауға дайын болсаңыз – адам үшін ең қымбат-оның денсаулығын сақтау, онда «Семей медицина университеті» КеАҚ есігі Сіздер үшін ашық!!!

Медицина - бұл Сіздің жолыңыз деп шешсеңіз, «Семей медицина университеті» КеАҚ - жалғыз нұсқа!!!

Біздің университетте 6 білім беру бағдарламасы бойынша дайындық жүргізілуде:

6В101 - «Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)» саласындағы білім беру бағдарламасы		
Білім беру бағдарламасы	Оқу мерзімі	Академиялық дәрежесі
В084 білім беру бағдарламасы – «Мейірбике ісі»	4 жыл	«Мейірбике ісі» – В084 білім беру бағдарламасы бойынша денсаулық сақтау бакалавры
В085 білім беру бағдарламасы – «Фармация»	5 жыл	«Фармация» – В085 білім беру бағдарламасы бойынша денсаулық сақтау магистрі
В086 білім беру бағдарламасы – «Жалпы медицина»	6 жыл	«Жалпы медицина» – В086 білім беру бағдарламасы бойынша денсаулық сақтау магистрі
В087 білім беру бағдарламасы – «Стоматология»	6 жыл	«Стоматология» – В087 білім беру бағдарламасы бойынша денсаулық сақтау магистрі
В089 білім беру бағдарламасы – «Қоғамдық денсаулық сақтау»	4 жыл	«Қоғамдық денсаулық сақтау» – В089 білім беру бағдарламасы бойынша денсаулық сақтау бакалавры

Бейінді пән: Биология+Химия

**Оқыту мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде жүргізіледі.
Оқу түрі – күндізгі.**



2018, 2019 ЖЖ. ГРАНТҚА ӨТУ ҰПАЙЛАРЫ

Мамандықтар		Жалпы конкурс		Ауылдық квота	
		2018	2019	2018	2019
Жалпы медицина	қаз/бөл	125	125	119	118
	орыс/бөл	115	109	99	94
Қоғамдық денсаулық сақтау	қаз/бөл	130	128	124	125
	орыс/бөл	117	115	-	-
Стоматология	қаз/бөл	125	137	134	-
	орыс/бөл	128	-	-	-
Мейірбике ісі	қаз/бөл	118	-	-	117
	орыс/бөл	109	-	-	73
Фармация	қаз/бөл	130	132	127	-
	орыс/бөл	118	131	-	-

ТАЛАПКЕРДІҢ КҮНТІЗБЕСІ

Іс-шара	Мерзімі	
	Өтініш пен құжаттарды қабылдау мерзімі	ҰБТ өткізу мерзімі
Ақылы негізінде Университетке оқуға түсу үшін жалпы білім беретін мекемелердің 11(12) сынып оқушыларына арналған ҰБТ	01.12 – 15.12	15.01 – 20.01
Ақылы негізінде Университетке оқуға түсу үшін жалпы білім беретін мекемелердің 11(12) сынып оқушыларына арналған ҰБТ	01.02 – 15.02	24.03 – 29.03
Білім грантын беру конкурсына қатысу үшін мектеп түлектеріне арналған ҰБТ Білім грантын беру конкурсына қатысу үшін колледж түлектеріне арналған ҰБТ	01.04 – 10.05	20.06 – 05.07
Арнайы психометриялық емтихан	20.06 – 07.07	08.07 - 13.07
РБ есебінен білім гранттарын тағайындау бойынша конкурс	13.07 – 20.07	21.07 – 31.07
Жергілікті атқарушы органның қаражаты есебінен білім гранттарын тағайындау бойынша конкурс - Облыс әкімінің гранты	05.08 – 10.08	11.08 – 15.08
Қалауы бойынша ақылы негізінде Университетке оқуға түсу үшін мектеп және колледж түлектеріне арналған ҰБТ	25.07 – 03.08	17.08 – 20.08
Шарт жасасу, оқыту үшін ақы төлеу	25 тамызына дейін	
Мемлекеттік білім гранттарының иегерлері Университетке оқуға түсу үшін келуі тиіс	25 тамызына дейін	
Ақылы түріндегі оқуға қабылдау үшін конкурстық іріктеу	10.08 – 22.08	23.08 – 25.08
Студенттер қатарына қабылдау	10.08 – 25.08	10.08 – 25.08

I. ҰБТ-ҒА ҚАТЫСУ ҮШІН ҚҰЖАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ

ҰБТ-ға қатысу үшін өтініш қабылдау кезеңі: 01 сәуірден - 10 мамырға дейін.

ҰБТ өткізу мерзімі - 20 маусымнан - 5 шілдесіне дейін.

1) Білім грантын беру конкурсына қатысу үшін мектеп түлектеріне арналған ҰБТ;

2) Білім грантын беру конкурсына қатысу үшін колледж түлектеріне арналған ҰБТ.

ҰБТ туралы ақпаратты Ұлттық тестілеу орталығының сайтынан білуге болады.

<https://testcenter.kz/ru/> (ҰБТ) СЫНАҚ ТЕСТІЛЕУДЕН ONLINE ӨТУ.

II. АРНАЙЫ ПСИХОМЕТРИЯЛЫҚ ЕМТИХАНДЫ ӨТКІЗУ

«Семей медицина университеті» КеАҚ-на «Жалпы медицина», «Стоматология», «Мейірбике ісі» мамандықтары бойынша оқуға түсетін тұлғалар, психометриялық тестілеу нысаны бойынша арнайы емтихан тапсырады.

1) Құжаттарды қабылдау - **20 маусымнан - 07 шілдесіне дейін** (еркін нысандағы өтініш, жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі);

2) Емтихан өткізу - **08 шілдеден - 13 шілдесіне дейін.**

Оқуға түсетін тұлғалардың арнайы емтиханы «өтті» немесе «өтпеді» түрінде бағаланады.

Психометриялық тестілеуді күнтізбелік жылда қайта тапсыруға рұқсат берілмейді.

Психометриялық емтиханның нәтижелері бойынша оқуға түсушіге қабылдау орны бойынша ЖОО-на ұсыну үшін ведомостан үзінді беріледі.

III. БІЛІМ ГРАНТЫН ТАҒАЙЫНДАУ КОНКУРСЫНА ҚАТЫСУ ҮШІН ҚҰЖАТТАР ҚАБЫЛДАУ

Конкурсқа қатысу үшін түсуші маусым-шілде айында өткен ҰБТ-нің нәтижелері бойынша «Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)» білім беру саласы бойынша - 65 баллдан кем емес жинауы тиісті, оның ішінде Қазақстан тарихы, математикалық сауаттылығы, оқу сауаттылығы (оқу тілі) бойынша - 5 баллдан кем емес және әрбір бейіндік пәні бойынша 5 баллдан кем емес жинауы тиіс.

Конкурсқа қатысу үшін 13-20 шілде аралығында келесі құжаттар қабылдана:

- белгіленген үлгідегі бланкідегі өтініш;
- аттестат немесе қосымшасы бар диплом (түпнұсқа);
- ҰБТ тапсыру туралы сертификат (түпнұсқа);
- психометриялық емтиханды тапсыру туралы ведомостен үзінді;
- 086-У нысанындағы медициналық анықтама; студенттік емханадан (флюорограмма қоса берілуі тиісті)
- № 063 екпе паспорты (көшірме + түпнұсқа) (қызылшадан екпе, паротиттен 2 екпе, гепатиттен 3 екпе, егер 16 жас болса, онда АДС-М екпе);
- 3x4 көлеміндегі 6 фотосурет;
- жеке басын куәландыратын құжаттың 2 көшірмесі;
- бар болған жағдайда жеңілдікті растайтын құжат, көшірмелері (ата-анасының біреуінің немесе екеуінің қайтыс болғаны туралы куәлік; балалар үйлерінің, интернаттардың тәрбиеленушілері үшін (қорғаншылық туралы); мүгедектігі туралы анықтама);
- құжаттарды сақтауға арналған бауы бар папка;
- А4 және А5 форматты 2 конверт;
- шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар тұрақты жері бойынша тіркелгені туралы белгісі бар, олардың мәртебесін айқындайтын құжатты ұсынады.

IV. СТУДЕНТТЕР ҚАТАРЫНА ҚАБЫЛДАУ

Құжаттарды қабылдау уақыты **10 тамыздан 22 тамызына дейін** Университеттің қабылдау комиссиясымен жүргізіледі, студенттер қатарына қабылдау уақыты **23 тамыздан 25 тамызына дейін** жүргізіледі.

«Семей медицина университеті» КеаҚ-на қабылдау кезінде келесі құжаттар қабылданады:

- қабылдау туралы өтініш;
- аттестат немесе қосымшасы бар диплом (түпнұсқа+көшірме);
- ҰБТ тапсыру туралы сертификат (түпнұсқа+көшірме),
- психометриялық емтиханды тапсыру туралы ведомостан үзінді;
- білім грантын тағайындау туралы куәлік (бар болса);
- №086-У нысанындағы медициналық анықтама; студенттік емханадан (флюорограмманың суреті қоса берілуі тиісті);
- №063 екпе паспорты (түпнұсқа+көшірме);
- 3x4 көлеміндегі 6 фотосурет;
- жеке басын куәландыратын құжаттың 1 көшірмесі;
- ЖСН (жеке куәлікте немесе ҚР паспортында көрсетілген, өзге жағдайларда жеке ұсынылады);
- құжаттарды сақтауға арналған бауы бар папка;
- А5 форматты конверт;
- электрондық поштаның болуы.

Шетел тілінде ұсынылатын құжаттардың қазақ немесе орыс тілдеріндегі нотариалды куәландырылған аудармасы болуы тиіс.

Назар аударыңыз! Егер білім туралы құжаты шетелдік ұйыммен берілген болса, **нострификациялау** үшін қосымша құжаттарды беру қажет.

Білім грантын тағайындау туралы куәлік алған азаматтар, куәлікте көрсетілген ЖОО-на қабылдау туралы өтінішті береді және ЖОО-ны ректорының бұйрығымен студенттер қатарына қабылданады.

АҚЫЛЫ ТҮРДЕГІ ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ

Ақылы түрдегі бөлімге құжаттарды қабылдау уақыты - 10 тамыздан 22 тамызына дейін, оқуға түсу уақыты - 23 тамыздан 25 тамызына дейін.

Ақылы түрдегі оқуға құжаттарды қабылдау ҰБТ нәтижелері бойынша 65 баллдан кем емес, оның ішінде Қазақстан тарихы, математикалық сауаттылығы, оқу сауаттылығы бойынша 5 баллдан кем емес және әрбір бейіндік пән бойынша 5 баллдан кем емес жинаған талапкерлерден өткізіледі.

Ақылы түрдегі оқуға келесі талапкерлердің артықшылық құқығы бар:

1. «Medical foundation» дайындық бөлімі сертификатының иегерлері;
2. Ағылшын тілі сертификатының иегерлері (IELTS – 5,0 балл және одан жоғары, TOEFL шекті балл - 500 баллдан кем емес);
3. НЗМ және БИЛ түлектері.

БАКАЛАВРИАТТЫҢ БАРЛЫҚ ФАКУЛЬТЕТТЕРІНДЕ

ОҚУ ҚҰНЫ 800 000 ТНГ.

**ОҚУ АҚЫСЫ АҒЫМДАҒЫ ЖЫЛДЫҢ 25 ТАМЫЗЫНА ДЕЙІН
(100%) БІРЖОЛЫ ТӨЛЕНЕДІ.**

Байланыс ақпарат

Біздің мекен-жайымыз:

071400, Шығыс Қазақстан облысы, Семей қаласы

Абай Құнанбаев көшесі, 103

Қабылдау комиссиясы тел.: 8 (7222) 32 61 80, +7 778 008 5756 (09.00-18.00 дейін хабарласу)

Кері байланыс: smu_pk@med.mail.kz

Канцелярия тел: 56-42-09

e-mail: smu@med.mail.kz